

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23 маусымдағы N 1407-ХІІ Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 10 қаңтардағы № 274-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 10.01.2015 № 274-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Заңның атауы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлығымен, атауына өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.06 № 277 Заңымен .

Ескерту. Заң мәтініндегі "ІІМ" және "Қазақстан Республикасы ІІМ" деген сөздер алып тасталды - ҚР 2001.12.24 № 274, Мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - VIII" деген цифрлар тиісінше "1 - 8" деген цифрлармен ауыстырылды - 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен, мәтін бойынша сөздер ауыстырылды - 2004.12.29 № 26, бүкіл мәтін бойынша "ішкі әскерлері", "ішкі әскерлер", "ішкі әскерлерді", "ішкі әскерлердегі", "ішкі әскерлерінің", "ішкі әскерлердің", "ішкі әскерлерге" деген сөздер тиісінше "Ішкі әскерлері", "Ішкі әскерлер", "Ішкі әскерлерді", "Ішкі әскерлердегі", "Ішкі әскерлерінің", "Ішкі әскерлердің", "Ішкі әскерлерге" деген сөздермен, "әскери-оқу орындарында" деген сөздер тиісінше "әскери оқу орындарында" деген сөздермен ауыстырылып, ", прапорщиктерге", ", прапорщиктер", ", прапорщиктерді", ", прапорщиктердің", ", прапорщиктерін" деген сөздер алынып тасталды - 2007.07.06 № 277 (орыс тіліндегі мәтінге түрлі септіктердегі "әскери қызмет" деген сөздерге қатысты түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді), бүкіл мәтін бойынша «адам құрамымен», «адам құрамының», «адам құрамына», «адам құрамын» деген сөздер тиісінше «жеке құрамымен», «жеке құрамының», «жеке құрамына», «жеке құрамын» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңдарымен.

## 1 бөлім. Жалпы ережелер

### 1-бап. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері (бұдан әрі - Ішкі әскерлер) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бірыңғай

жүйесіне кіреді және жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмысты және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға арналған.

Ішкі әскерлердің туы және рәмізі болады. Ішкі әскерлер өңірлік қолбасшылықтарының, құрамалары мен әскери бөлімдерінің белгіленген үлгідегі жауынгерлік жалаулары болады.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 1998.12.09 № 307 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.12.24 № 274, 2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **2-бап. Ішкі әскерлердің міндеттері**

Ішкі әскерлердің міндеттері мыналар болып табылады:

1) маңызды мемлекеттік объектілерді және тасымалдау кезінде арнайы жүктерді күзету;

2) сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуге арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдардың, сондай-ақ олардың аумағындағы азаматтардың жүріс-тұрысын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

3) сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуге арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, түзеу мекемелерін күзету;

4) сотталған және қамауға алынған адамдарды айдап апару;

5) ішкі істер органдарымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті сақтауға, қоғамдық тәртіпті жаппай және топтасып бұзушылықтардың жолын кесуге, қоғамдық қауіпсіздікті және төтенше жағдайдың құқықтық режимін, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысу, терроризмге қарсы операция жүргізуге қатысу, төтенше жағдайларды (дүлей зілзалаларды, ірі авариялар мен апаттарды) жоюға қатысу;

6) соғыс кезінде Қазақстан Республикасының аумағын қорғау жүйесінде жекелеген міндеттерді орындау;

7) заңсыз қарулы құрамаларға қарсы күресу;

8) ерекше қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялардың, терроризм актілерінің, қарулы қақтығыстардың жолын кесу және тайталасушы тараптарды ажырату;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен Ішкі әскерлерге жүктелген басқа да міндеттерді шешу.

Ішкі әскерлерге жүктелген міндеттерді орындауды:

Ішкі әскерлерді әскери басқару органдары; жедел мақсаттағы құрамалар мен әскери бөлімдер;

маңызды мемлекеттік объектілер мен арнайы жүктерді күзету жөніндегі  
арнайы әскери бөлімдер;  
түзеу мекемелерін күзету және айдауылдау жөніндегі құрамалар мен әскери  
бөлімдер;

арнайы моторландырылған құрамалар мен әскери бөлімдер;  
Ішкі әскерлердің әскери полициясы;  
Ішкі әскерлердің жоғары әскери оқу орны;  
Ішкі әскерлердің қызметін қамтамасыз ететін әскери бөлімдер (оқу, байланыс  
және басқа);  
авиациялық әскери бөлім;

арнайы мақсаттағы әскери бөлімдер (бөлімшелер) жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ішкі әскерлер Бас  
қолбасшысына тікелей бағынысты құрамалар мен әскери бөлімдерді қоспағанда,  
құрамалар мен әскери бөлімдер Ішкі әскерлердің өңірлік қолбасшылықтарының  
құрамына кіреді.

Ішкі әскерлерді өздеріне заңдарда жүктелмеген міндеттерді орындау ісіне  
қатыстыруға тыйым салынады.

Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708  
заң күші бар жарлығымен, ҚР 1999.04.05 № 360, 2001.12.24 № 274, 2004.12.29 №  
26, 2007.07.06 № 277, 2008.06.24 № 46-IV (2008.01.01 бастап қолданысқа  
енгізіледі), 2010.04.08 № 266-IV, 2012.01.18 № 547-IV (алғашқы ресми  
жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі),  
2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми  
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңдарымен.

### **3-бап. Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлері қызметінің құқықтық негізі**

Ішкі әскерлері қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының  
Конституциясы, осы Заң, өзге де құқықтық нормативтік актілер құрайды.

Ішкі әскерлері қызметінде заңдылықтың сақталуын Қазақстан  
Республикасының Бас Прокуроры мен оған бағынатын прокурорлар жүзеге  
асырады.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 Заң  
күші бар жарлығымен.

### **4-бап. Ішкі әскерлердің қызметін ұйымдастырудың қағидаттары мен негіздері**

Ішкі әскерлердің қызметі заңдылық, гуманизм, жеке адам құқықтарын сақтау  
және дара басшылық қағидаттарында жүзеге асырылады.

Әскерлерді тікелей басқаруды Ішкі әскерлер Бас қолбасшысы жүзеге асырады

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтарында орналасқан және қоғамдық тәртіпті қорғау, түзеу мекемелерін күзету жөніндегі және төтенше жағдайлар кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында Ішкі әскерлерге жүктелген басқа да міндеттерді шешу жөніндегі міндеттерді орындайтын Ішкі әскерлер құрамалары мен әскери бөлімдерінің командирлеріне қатысты аға жедел бастықтар болып табылады.

**Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **5-бап. Ішкі әскерлерді басқару және іс қағаздарын жүргізу тілі**

Ішкі әскерлерді басқару және іс қағаздарын жүргізу, сондай-ақ қызметтік хат-хабар жазысу Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1998.12.09 № 307 Заңымен.**

#### **6-бап. Ішкі әскерлердің партиядан тыс болуы**

Ішкі әскерлерінде саяси партиялардың құрылымдық ұйымдарын, сондай-ақ саяси мақсаттарды көздейтін басқа да қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

**Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлығымен.**

## **2 бөлім. Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының**

### **Ішкі әскерлерге басшылық жасау жөніндегі өкілеттігі**

#### **7-бап. Қазақстан Республикасының Президенті**

Қазақстан Республикасының Президенті:

- соғыс кезінде Ішкі әскерлердің қорғаныс саласындағы міндеттерін а й қ ы н д а й д ы ;

- Ішкі әскерлер Бас қолбасшысын қызметке тағайындайды, қызметтен б о с а т а д ы ;

- Ішкі әскерлердегі мерзімді әскери қызметке адамдарды кезекті шақыру туралы және мерзімді қызметтің белгіленген уақытын атқарған Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін запасқа жіберу туралы жарлық шығарады;

- Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес

басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1992.12.23 Заңымен, ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 2001.06.11 № 208, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **8-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- Ішкі әскерлердің ұйымдық құрылымын, штат саны лимитін, орналастырылуын бекітеді;

- Ішкі әскерлердің қызметін қамтамасыз ету үшін қаражат бөлінуін қарастырады, Ішкі әскерлерді материалдық-техникалық ресурстармен, азық-түлікпен, заттай мүлікпен, қару-жарақпен, оқ-дәрімен, байланыс құралдарымен және басқа арнаулы техникалық құралдармен қамтамасыз ету тәртібін айқындайды;

- Ішкі әскерлер бөлімдердің күзетуіне жататын маңызды мемлекеттік объектілердің, тасымалдық коммуникациялардағы ғимараттардың және арнаулы жүктердің тізбесін айқындайды;

- берілген міндеттерді орындау үшін қажетті әскери немесе арнаулы сан мөлшерін анықтай отырып, маңызды мемлекеттік объектілер мен тасымалдық коммуникациялардағы ғимараттарға күзет қою және күзетті алу туралы мәселелерді шешеді;

- Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерінің запастағы (отставкадағы) адамдар мен олардың үйелмен мүшелерінің әлеуметтік және хұқылық жағынан қорғалуы, материалдық және тұрмыстық қамтамасыз етілуі жөнінде шаралар қолданады;

- Ішкі әскерлердің қызметін қамтамасыз етудің басқа да мәселелерін шешеді;

- өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1992.12.23 Заңымен, ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 1999.04.05 № 360, 2001.12.24 № 274, 2004.12.29 № 26, 2007.07.06 № 277, 2010.12.29 № 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **9-бап. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

- Ішкі әскерлерді запастағы офицерлермен, келісімшарт бойынша әскери

қызмет өткеретін және шақырылатын әскери қызметшілермен жасақтауды жүзеге асырады;

- келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген офицерлер мен әскери қызметшілерді әскери оқу орындарында даярлауға жәрдемдеседі;

- осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 2001.12.24 № 274, 2007.07.06 № 277, 2011.07.05 № 452 -IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **10-бап. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі**

Ішкі істер министрі:

Ішкі әскерлердің қызметтік-жауынгерлік қызметіне жедел басшылықты жүзеге асырады, әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және басқа да әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу жөніндегі шаралар қолданады;

Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін орындау үшін қызметтік-әскери жұмыс пен Ішкі әскерлерінің құрылымын жетілдіру, ұйымдық шараларды өткізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

Республика Үкіметінің қарауына Ішкі әскерлер бөлімдері мен бөлімшелерінің жалпы санын, ұйымдық құрылымын өзгерту және орналастыру туралы ұсыныстар енгізеді;

Ішкі әскерлері құрамаларының (бөлімдерінің) құрылымын, орналастырылуын және штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде айқындайды;

Ішкі әскерлердің тұрақты жауынгерлік және жұмылдырушылық әзірлігін сақтау жөнінде шаралар қолданады;

Ішкі әскерлердің мерзімді әскери қызметшілерді шақыруды және Ішкі әскерлер қатарынан босатуды ұйымдастыруға қатысуын қамтамасыз етеді;

Ішкі әскерлерінің әскери қызметшілерін және қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсынады;

Ішкі әскерлер Бас қолбасшысының орынбасарларын, Ішкі әскерлер өңірлік қолбасшылықтарының қолбасшылары мен олардың орынбасарларын, Ішкі әскерлердің жоғары әскери оқу орнының бастығын, Ішкі әскерлер құрамаларының командирлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, Ішкі әскерлердің офицерлерін қызметтен шығарады, офицерлік құрамның алғашқы әскери атағын және «полковник» әскери атағын береді.

**Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң**



күші бар Жарлығымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 № 360, 2001.06.11 № 208, 2007.07.06 № 277, 2010.12.29 № 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **10-1-бап. Ішкі әскерлер Бас қолбасшысы**

Ескерту. 10-1-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ішкі әскерлер Бас қолбасшысы:

Ішкі әскерлердің тұрақты жауынгерлік және жұмылдырушылық әзірлігін сақтап отырады;

әскерлердің қызметтік-жауынгерлік қызметіне, жедел және жауынгерлік әзірлігіне, озық тәжірибені енгізуге, материалдық базаны дамытуға және жеке құрам үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауға басшылық жасайды;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әскерлерді шақыру бойынша және келісім-шарт бойынша мерзімді қызметтің әскери қызметшілермен жасақтау, олардың запасқа босатылуын ұйымдастыру жөніндегі жоспарларды әзірлейді және бекітеді;

бұйрықтар, директивалар және өкімдер шығарады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ішкі әскерлер офицерлерінің әскери қызметті өткеру мәселелерін шешеді, қызметке тағайындайды, қызметтен босатады, кезекті әскери атақтар береді, офицерлік құрамның әскери атақтарын төмендетеді, подполковникті қоса алғанға дейінгілерді запасқа немесе отставкаға шығарады;

Ішкі істер министріне Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін және қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы ұсыныстар енгізеді;

әскерлерді қаруландыруға (жабдықтауға) әскери және өзге де техника мен басқа да мүліктің қабылдануын қамтамасыз етеді, жарамсыз болып қалған немесе әскери (бюджеттік) есептегі жоғалған материалдық құндылықтар мен ақшалай қаражатты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен есептен шығарады.

Ішкі істер министріне Ішкі әскерлер Бас қолбасшысының орынбасарларын, Ішкі әскерлер өңірлік қолбасшылықтарының қолбасшылары мен олардың орынбасарларын, Ішкі әскерлердің жоғары әскери оқу орнының бастығын, Ішкі әскерлер құрамаларының командирлерін қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 2-бөлім 10-1-баппен толықтырылды - ҚР 2001.06.11 № 208 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.06 № 277, 2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **10-2-бап. Ішкі әскерлердің өңірлік қолбасшылық қолбасшысы**

Ішкі әскерлердің өңірлік қолбасшылық қолбасшысы: өңірлік қолбасшылықтың бағынысты құрамалары мен әскери бөлімдерінің тұрақты жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін ұстап тұрады; әскерлердің қызметтік-жауынгерлік қызметіне, жедел және жауынгерлік даярлығына, озық тәжірибені енгізуге, материалдық базаны дамытуға және жеке құрам үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауға басшылық етеді; бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ішкі әскерлердің өңірлік қолбасшылығы құрамына кіретін құрамалар мен әскери бөлімдердің әскери қызметшілерінің әскери қызметті өткеру мәселелерін шешеді; қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, кезекті әскери атақтар береді, жоғары сержанттық құрамды қоспағанда, келісімшарт бойынша капитанды қоса алғанға дейінгі әскери қызметшілерді запасқа немесе отставкаға шығарады және Ішкі әскерлер Бас қолбасшысына офицерлік құрамның әскери атақтарын төмендету жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 2-бөлім 10-2-баппен толықтырылды - ҚР 2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **11-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары**

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

- өз құзыреті шегінде ведомстволық бағынысты аумақта Ішкі әскерлердің өңірлік қолбасшылықтарын, құрамаларын, әскери бөлімдері мен бөлімшелерін құру мен орналастыру жөніндегі Ішкі істер министрінің ұсыныстарын қарауға қатысады;

- Ішкі әскерлердің тіршілігі үшін тиісті жағдайлар жасайды, Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен олардың үйелмен мүшелерінің хұқылық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес офицерлерге және келісім-шарт бойынша әскери қызметін өтеп жүрген әскери қызметшілерге тұрғын үй бөледі;



- Ішкі әскерлердің өңірлік қолбасшылықтарының, құрамалары мен әскери бөлімдерінің қолбасшылығына Ішкі әскерлерге әскери қызметке шақыруды ұйымдастыруда жәрдем көрсетеді;

- осы аумақтағы қоғамдық тәртіпті қорғауды тікелей жүзеге асыратын Ішкі әскерлер бөлімшелеріне материалдық-техникалық көмек көрсетуге құқығы бар;

- жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 2001.06.11 № 208, 2001.12.24 № 274, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **12-бап. Мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар**

Мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар (меншік түріне қарамастан), лауазымды адамдар мен азаматтар Ішкі әскерлерге олардың қызметтік міндеттерді атқаруына көмек көрсетуге міндетті.

Байланыс саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдары мен мекемелері әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, төтенше жағдайды енгізу кездерінде Ішкі әскерлердің әскери бөлімдері мен бөлімшелері өз міндеттерін орындаған кезде оларды басқару үшін байланыс желілері мен арналарын тегін береді.

Барлық тасымал түрлерін басқару органдарының лауазымды адамдары, әскери коменданттар мен Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің әскери және арнаулы тасымал органдарының өкілдері қызметтік міндеттерін атқарушы Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін тасымалдауда, ал төтенше жағдайлар кезінде - бірінші кезекте тасымалдауда тасымал көмегін көрсетеді.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді), 2004.12.29 № 26 Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

#### **13-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары:

Ішкі істер министрінің рұқсатымен тұрақты орналасқан мекендердегі Ішкі әскерлердің оперативтік мақсаттағы әскери құрамаларын, бөлімдерін және арнайы моторландырылған бөлімдерін қоғамдық тәртіпті қорғау, төтенше жағдайларды жою және Қазақстан Республикасының заңдарымен Ішкі әскерлерге жүктелген басқа да міндеттерді орындау үшін, ал түзеу мекемелерін күзететін құрамалар мен бөлімдерді - тікелей күзетілетін объектілердегі сотталғандар арасындағы жаппай тәртіпсіздікті тыю және төтенше жағдайлардың зардаптарын жою үшін пайдаланады;

құрамалар мен әскери бөлімдердің командирлерімен бірлесіп, Ішкі әскерлердің жедел мақсаттағы құрамалары мен әскери бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдері үшін олардың санына қарай қызметтік міндеттердің көлемін айқындайды;

әскери бөлімдер мен Ішкі әскерлердің оперативтік мақсаттағы әскери құрамалары, бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдері командирлерінің қызметтік-әскери жұмыс нәтижелері туралы хабарларын т ы ң д а й д ы ;

ішкі істер органдарына көмек көрсету жөніндегі міндеттерді орындау үшін тұрақты орналасқан мекендерінен тыс жүрген ішкі әскерлер әскери бөлімдерінің тіршілігіне тиісті жағдайлар туғызады.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлығымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.09 № 307, 1999.04.05 № 360, 2001.06.11 № 208, 2001.12.24 № 274, 2004.12.29 № 26, 2007.07.06 № 277, 2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **14-бап. Ішкі әскерлердің Әскери кеңесі**

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекітетін Ережеге сәйкес Ішкі әскерлерде Әскери кеңес құрылады.

Әскери кеңестің құрамын Ішкі әскерлер Бас қолбасшысының ұсынуы бойынша Ішкі істер министрі бекітеді.

Әскери кеңес Ішкі әскерлер қызметінің ұйымдастырылуына және мәселелердің дер кезінде шешілуіне жауапты болады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.12.24 № 274, 2007.07.06 № 277, 2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **15-бап. Ішкі әскерлерді әскери басқару органдары**

Ішкі әскерлер Бас қолбасшылығы – Ішкі әскерлер комитеті Ішкі әскерлерді әскери басқарудың жедел-стратегиялық органы болып табылады, әскерлерді тұрақты жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігінде ұстап тұруға, Ішкі әскерлердің құрылысы және дамуы жоспарларын әзірлеуге және іске асыруға, олардың ұйымдық-штаттық құрылымын жетілдіруге, Ішкі әскерлердің қызметтік-жауынгерлік қызметін ұйымдастыруға арналған және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен бірлесіп, бірлескен іс-қимылдар нұсқаларын жоспарлайды.

Ішкі әскерлердің өңірлік қолбасшылығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметін белгілі бір аумақта жүзеге асыратын әскери басқарудың жедел-аумақтық органы болып табылады.

**Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2013.01.15 № 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **3 бөлім. Ішкі әскерлердегі қызмет**

#### **16-бап. Ішкі әскерлердің кадрлары**

Ішкі әскерлердің кадрлары әскери қызметшілерден және қызметкерлерден тұрады.

Ішкі әскерлерде әскери қызмет атқарушы әскери қызметшілердің әскери атақтары, айырым белгісі және олар үшін белгіленген киім үлгісі болады, оларға Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет атқарудың жағдайын регламенттейтін нормативтік актілер және осы заңда көзделген әскери жарғылардың алынып тасталғандары мен толықтырулары ескерілген талаптары қолданылады.

Ішкі әскерлер қызметкерлерінің еңбек жұмысы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

**Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.29 № 26, 2007.07.06 № 277 Заңдарымен.**

#### **17-бап. Ішкі әскерлердегі әскери қызмет**

Ішкі әскерлер «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке құрамнан жасақталады.

Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің әскери қызметті атқару тәртібі, олардың хұқықтары мен міндеттері, әскери атақ беру, аттестаттау және қызметтен босату тәртібі Әскери қызметті өткеру ережелерімен, әскери жарғылармен және басқа нормативтік актілермен айқындалады.

Ішкі әскерлерге әскери қызметке келген азаматтар әскери ант қабылдайды.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.12.09 № 307, 2001.12.24 № 274, 2007.07.06 № 277, 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **18-бап. Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің хұқылық жағдайы**

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын пайдаланады. Оларға конституциялық, әскери-қызметтік міндеттер жүктеледі.

Ішкі әскерлерінің әскери қызметшілері осы Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да хұқылық актілерімен айқындалып жүктелген міндеттерді орындау кезінде өкіметтің өкілі болып табылады және олар мемлекет қ о р ғ а у ы н д а б о л а д ы .

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген офицерлер мен әскери қызметшілерге жеке басын, қызмет жағдайын және әскери қызметте жүргенін куәландыратын жеке бастың куәлігі беріледі.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.06 № 277 Заңымен.

### **19-бап. Ішкі әскерлер кадрларын даярлау және кәсіптік деңгейін көтеру**

Сарбаздар мен сержанттарды (старшиналарды) даярлау Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің және Қарулы Күштерінің оқу бөлімдерінде ( орталықтарында ) жүзеге асырылады.

Ішкі әскерлер үшін офицерлерді даярлау республика аумағында орналасқан жоғары оқу орындарында, әскери училищелерде, сондай-ақ басқа да мемлекеттердің әскери оқу орындарында шарттық негіздерде жүзеге асырылады.

Ішкі әскерлердің офицер құрамының және келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің кәсіптік деңгейін көтеру әскери оқу орындарында, офицер құрамының біліктілігін жетілдіру (қайта даярлау) курстарында жүзеге асырылады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.06 № 277 Заңымен.

### **20-бап. Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің жауапкершілігі**

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Әскери қызметшілер азаматтардың хұқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда командирлер мен бастықтар азаматтардың хұқықтарын қалпына келтіріп, кінәлілерді тәртіптік немесе қылмыстық жауапқа тартуға, келтірілген залалдың орнын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен толтыруға міндетті.

Азаматтар Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің іс-әрекетіне белгіленген тәртіп бойынша жоғары тұрған командирге (бастыққа), прокуратура органдары мен сотқа шағым бере алады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.29 № 26; 03.07.2014 № 227 -V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **4 бөлім. Ішкі әскерлердің міндеттері мен хұқықтары**

##### **21-бап. Ішкі әскерлер жеке құрамының міндеттері**

Ішкі әскерлердің жеке құрамына:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тізбесінде көзделген мемлекеттік маңызы бар объектілерді, тасымалдау кезінде арнайы жүктерді және сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуге арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, түзеу мекемелерін күзетуді қамтамасыз ету;

2) күзететін объектілердегі төтенше жағдайларды жоюға қатысу;

3) сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуге арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдардың, сондай-ақ олардың аумағындағы азаматтардың жүріс-тұрысын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

4) сотталған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесінің әскер күзететін түзеу мекемелерінен айырбастау пункттеріне және одан кері, сондай-ақ өндірістік объектілерге және одан кері айдап апару, бұл объектілерді оларда сотталған адамдар жұмыс істеген уақытта күзету;

5) сотталған және қамауға алынған адамдарды, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, облыстық және соларға теңестірілген соттардың, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың, сондай-ақ егер жауынгерлік қызмет атқару пункттерінде осы мақсат үшін айдап апаруға әдейі арналған әскер бөлімшелері болса, әскери соттардың сот отырыстарына олардың өтінімі бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларынан және одан кері айдап апару;

6) Ішкі әскерлер әскери бөлімшелерінің қоймаларын және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери қоймаларын (базаларын) күзету;

7) патрульдік-бекеттік қызметті атқару арқылы қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысу;

8) жаппай қоғамдық-саяси, спорттық және өзге шаралар өткізген кезде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысу;

9) дүлей зілзалаларды, ірі авариялар мен апаттарды жою кезінде қоғамдық тәртіп сақтауды қамтамасыз ету, төтенше жағдайдың құқықтық режимін сақтап

т ұ р у ;

10) ішкі істер органдарымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті жаппай және топтасып бұзушылықтардың, түзеу мекемелеріндегі жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге, әскери қарауылдардың күзетінен қашқан адамдарды іздеуге қатысу және қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынған не аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарды іздеуге ішкі істер органдарына көмек к ө р с е т у ;

11) Ішкі әскерлер бөлімдерінің арасында және міндеттер орындалатын аудандарға жеке құрамды, материалдық құралдарды, қару-жарақты, техниканы және басқа жүктерді тасымалдау;

12) жанжал ауданын оқшауландыру және онда тосқауыл қою;

13) заңсыз қарулы құрамаларды қарусыздандыру мен жою, жанжал ауданындағы халықтан қаруды алып қою, жанжал ауданына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіпті сақтау мен қауіпсіздікті күшейту жөнінде іс-шаралар жүргізу;

14) терроризмге қарсы операцияны жүргізуге және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысу жүктеледі.

**Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.18 № 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **22-бап. Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің негізгі хұқықтары**

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне өздеріне жүктелген міндеттерді орындаған кезде мынандай хұқықтар беріледі:

1) азаматтар мен лауазымды адамдардың қоғамдық тәртіпті сақтауын, Ішкі әскерлердің өкілеттігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін хұқық бұзушылық пен әрекеттердің тоқтатылуын талап ету, ал бұл талаптар орындалмаған жағдайда осы Заңда көзделген мәжбүр ету шараларын қолдану;

2) құқық бұзушылықтар жасағанына күдік келтірген кезде азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру;

3) хұқық бұзған адамдарды не хұқық бұзушының жеке басын анықтау үшін - ішкі істер органдарына, ал күзетілген объектілерге қастандық жасай отырып, хұқық бұзуға байланысты реттерде Ішкі әскерлердің қызметтік жайына жеткізу;

4) күзетілген объектілерге қастандық жасауға байланысты хұқық бұзған адамдарды Ішкі әскерлердің қызметтік жайында материалдарды ресімдеу үшін үш сағатқа дейін ұстау және қамауға алу, бұдан соң хұқық бұзушыларды ішкі істер органдарына өткізу, оларға өзі тікелей тексеру жүргізу, заңдарға сәйкес заттары мен құжаттарын тексеру және алу;

5) Ішкі әскерлер күзететін объектілердегі тасымал құралдары мен тасылатын



жүктерге және қылмыс жасаған немесе қамаудан қашқан адамдарды ұстау операцияларын жүргізген кезде тексеру жүргізу;

6) қылмыс жасағанына күдік келтірілген адамдарды қудалаған кезде, сотталған және қамауға алынған жерінен қашқан адамдарды іздестірген кезде кейінге қалдыруға болмайтын реттерде қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін хұқық бұзушылықты тыю мақсатында кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың аумағы мен жайларына кіру;

7) сотталған және қамауға алынған жерінен қашқан адамдарды іздестіру, қылмыс жасағанына күдік келтірілген адамдарды қудалау, жаппай тәртіпсіздіктер мен қоғамдық тәртіпті топтасып бұзуды тыю кезінде, сондай-ақ басқа да төтенше жағдайлар кезінде жер учаскелерін, жекелеген құрылыстар мен объектілерді қоршауға алу (ешкімді өткізбей тастау);

8) сотталғандар мен қамауға алынған адамдарды айдап апару үшін қабылдағанда және оларды іздестіру барысында ұстағаннан кейін тікелей тінту жүргізу;

9) қоғамдық тәртіп бұзушы әскери қызметшілерді ұстау (әскери патрульдер болмаған жағдайда) және оларды әскери коменданттарға немесе әскери бөлімдердің командирлеріне ұстап беру;

10) қажет болған жағдайларда қылмыстар, қашқан қылмыскерлерді іздестіру туралы халыққа хабарлау үшін және төтенше жағдайлар режимін қамтамасыз ету кезінде бұқаралық хабарлама құралдарын пайдалану;

11) терроризмге қарсы операцияға және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысу кезінде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану;

12) сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуге арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдардың, сондай-ақ олардың аумағындағы азаматтардың жүріс-тұрысын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру.

Осы Заңға сәйкес Ішкі әскерлер әскери қызметшілері табельдік арнаулы құралдар мен жеке қаруды сақтауға, алып жүруге және қолдануға хұқылы.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.09 № 307, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2010.04.08 № 266-IV, 2012.01.18 № 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **5 бөлім. Ішкі әскерлердің мәжбүр ету шараларын қолдану**

## **23-бап. Қол күшін, арнаулы құралдарды, қызметтік иттерді және қаруды қолдану ережелері мен шектері**

Ішкі әскерлер әскери қызметшілері өздеріне жүктелген міндеттерді атқару кезінде Заңда көзделген реттер мен тәртіп бойынша мәжбүр ету шараларын қолдануға хұқылы. Ішкі әскерлердің қару-жарағына кіретін қарулар, әскери техника мен олардың оқ-дәрілері, арнайы құралдар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қол күшін, арнаулы құралдарды, қызметтік иттерді және қаруды қолдану алдында оларды қолдану ниеті жайында ескерту жасалуға, бұл ретте өз талаптарының орындалуына жеткілікті уақыт берілуге тиіс, қол күшін, арнаулы құралдарды, қызметтік иттерді немесе қаруды қолдануды кешіктіру азаматтардың, әскери қызметшінің немесе ішкі істер органдары қызметкерінің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін, өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтыру мүмкін реттер бұған кірмейді.

Әскери қызметші дене жарақатын алған адамдарға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетеді.

Өлім немесе денеге жарақат түсіруге әкеп соқтырған реттерде дереу прокурорға хабар беріледі.

Мәжбүр ету шараларын қолдануды шегінен асырып жіберу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

**Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1992.12.23, 2004.12.29 № 26, 2007.07.06 № 277 Заңдарымен.**

## **24-бап. Дене күшін қолдану**

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерінің қоғамдық тәртіпті бұзуға байланысты құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды жасаған адамдарды ұстап алу кезінде, заңды талаптарға қарсы іс-қимылды еңсеру үшін, егер күш қолданбау тәсілдері өздеріне жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпесе, дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға құқығы бар.

**Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **25-бап. Арнаулы құралдар мен қызметтік иттерді қолдану**

Ішкі әскерлер қаруланатын арнаулы құралдарды және қызметтік иттерді Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің мына жағдайларда қолдануға хұқығы бар:

- 1) азаматтарға, түзеу мекемелерінің қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге немесе ішкі істер органдары қызметкерлеріне жасалған шабуылды тойтару үшін;
- 2) Ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне өздерінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты оларға көрсетілетін қарсылықты тыю үшін;
- 3) өмірге, денсаулыққа немесе меншікке қарсы қылмыс жасау кезінде қолға

түскен, қашуға әрекет жасаған адамды табу және ұстау үшін;

4) атылатын немесе суық қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш, қатты әсер ететін химиялық және улы заттарды заңсыз ұстаған адамдарды қарусыздандыру үшін;

5) ұсталған адамдарды ішкі істер органдарына жеткізу, ұсталғандарды, сондай-ақ қамауға алынған адамдарды, егер олар өз іс-әрекеттерімен қашып кетеді не қоршағандарға немесе өзіне залал келтіреді деп санауға негіз берсе немесе ішкі істер органдары қызметкеріне қарсылық көрсетсе, оларды айдап бару не күзету үшін;

6) әскери бөлімдер мен бөлімшелердің орналасқан жеріне, күзетілетін объектілерге, ғимараттарға және жүктерге жасалған шабуылды тойтару үшін;

7) кепілге алынған адамдарды, басып алынған күзет объектілері мен ғимараттарды, жүктерді, үйлерді, жайларды және тасымал құралдарын босату үшін ;

8) тасымалдың, байланыстың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жұмысын бұзатын жаппай тәртіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті топтасып бұзушылықты, сондай-ақ түзеу мекемелерінің жұмысын бүлдіретін әрекеттерді т ы ю ү ш і н ;

9) төтенше жағдайлар кезінде және қылмыскерлерді іздестіру мен ұстау жөнінде арнайы операциялар жүргізу кезінде, жүргізушісі Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің тоқта деген талабын орындамаған тасымал құралдарын тоқтату ү ш і н ;

10) қылмыс жасаған адамдарды анықтап, ұстау үшін.

Арнаулы құралдар мен қызметтік иттерді әйелдерге, мүгедектік белгісі анық көрініп тұрған адамдар мен жас балаларға қолдануға тыйым салынады, бұған олар қарулы қарсылық көрсеткен, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін топтасып немесе басқадай шабуылдар жасаған реттер кірмейді.

**Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1992.12.23 Заңымен, ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 1998.12.09 № 307, 1999.04.05 № 360, 2007.07.06 № 277 Заңдарымен.**

#### **26-бап. Қаруды қолдану және әскери техниканы пайдалану**

Ішкі әскерлер қызметшілерінің қаруды және әскери техниканы айрықша шара ретінде мына жағдайларда қолдануға хұқығы бар:

1) азаматтарды, әскери қызметшілерді, хұқық қорғау органдарының, түзеу мекемелерінің, соттың және прокуратураның қызметкерлерін шабуылдан қорғау ү ш і н ;

2) күзетілетін объектіге, ғимараттарға және арнайы (әскери) жүктерге, күзетшілерге, қарауылдың (әскери нарядтың) басқа да адамдарына немесе қарауыл үйіне, бөлімдер мен бөлімшелер орналасқан жерге, азаматтардың тұрғын үйлеріне шабуылды тойтару үшін, сондай-ақ күзетілетін объектілерге

заңсыз ену (объектіден шығу) мақсатында жасалған әрекеттерді тыю кезінде;

3 ) ( а л ы п т а с т а л д ы )

4) кепілге алынған адамдарды, басып алынған күзетілетін объектілерді, ғимараттар мен арнайы (әскери) жүктерді босату үшін;

5) қарсылық көрсетуші не қылмыс жасау кезінде қолға түскен қылмыскерлерді ұстау үшін;

6) өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған адамдардың; бас бостандығынан айыруға сотталғандардың күзеттен қашуының жолын кесу үшін, сондай-ақ оларды күшпен босату әрекеттерінің жолын кесу үшін ;

7) жаппай тәртіпсіздіктің жолын кесу кезінде, оның ішінде түзеу мекемелерінде, тергеу изоляторларында, түрмелерде жолын кесу кезінде, сондай-ақ әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар, төтенше жағдайды енгізу кезінде .

Ішкі әскерлер әскери қызметшілері атыс қаруын сонымен қатар мына жағдайларда пайдалануға хұқылы:

1) хайуанаттардың шабуылынан қорғану үшін;

2 ) ( а л ы п т а с т а л д ы )

Қарулы не топтасып шабуыл (зорлық-зомбылық) жасаған жағдайларды қоспағанда, әйелдерге, анық мүгедектік белгілері бар адамдарға және олардың жасы белгілі немесе айқын болса, кәмелетке толмағандарға қатысты атыс қаруын қолдануға тыйым салынады .

Атыс қаруын қолданған әрбір жағдай жайында прокуратура органдарына хабарланып, рапорт жазылады .

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.03.17 № 2122; 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлықтарымен, ҚР 1999.04.05 № 360, 2001.12.24 № 274, 2007.07.06 № 277, 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **6 бөлім. Қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындауға Ішкі әскерлерді қатыстыру**

### **27-бап. Ішкі әскерлерді тұрақты орналасқан жерлерде міндеттерді орындауға қатыстыру**

Қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындауға күштер мен құралдарды қатыстыру тәртібін әскери бөлімдердің қызметтік мақсаттарын, жеке

құрамының жаттығуы мен демалуы үшін жағдай жасалуын ескере отырып, Ішкі істер министрінің келісімі бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары және әскери бөлімдер командирлері белгілейді.

**Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 1992.12.23, өзгерту енгізілді - 2004.12.29 № 26 Заңдарымен.**

**28-бап. Ішкі әскерлерді тұрақты орналасқан мекеннен тыс жерлерге міндеттерді орындауға қатыстыру**

Ішкі әскерлердің оперативтік мақсаттағы әскери құрамаларын, бөлімдерін және арнайы моторландырылған бөлімдерін тұрақты орналасқан мекендерінен алып кетіп, қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындауға немесе төтенше жағдайдың құқықтық режимін, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз ету, терроризмге қарсы операцияға қатысу және төтенше жағдайларды жою үшін ішкі істер органдарына көмек көрсету үшін, сондай-ақ заңсыз қарулы құрамаларға қарсы күресу, жанжал ауданын оқшауландыру және онда тосқауыл қою, ерекше қауіпті құқық бұзушылықтарды, диверсияларды, терроризм актілерін, қарулы қақтығыстарды тыю және тайталасушы тараптарды ажырату, заңсыз қарулы құрамаларды қарусыздандыру мен жою, жанжал ауданындағы халықтан қаруды алып қою, жанжал ауданына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіпті қорғау мен қауіпсіздікті күшейту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін тарту Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Ішкі әскерлердің оперативтік мақсаттағы әскери құрамаларының, бөлімдерінің және арнайы моторландырылған бөлімдерінің жеке құрамын тұрақты орналасқан мекендерінен алып кетіп, осы бапта көрсетілген оларға жүктелген міндеттерді орындауға тартудың ұзақтығы үш айдан аспауға тиіс.

Бұл орайда офицерлердің, келісім-шарт бойынша әскери қызметін өтеп жүрген әскери қызметшілердің қызмет мерзімінің бір айы үш айға есептелінеді және жоғары мөлшерде ақшалай қаражат төленеді.

**Ескерту. 28-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.09 № 307, 2001.12.24 № 274, 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді), 2010.04.08 № 266-IV; 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**7 бөлім. Ішкі әскерлер әскери қызметшілерін хұқылық және әлеуметтік жағынан қорғау**

**29-бап. Ішкі әскерлер әскери қызметшілері заңды талаптарының орындалу міндеттілігі және лауазымды**

## **адамдар мен азаматтардың осы Заңды бұзғаны үшін жауаптылығы**

Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің заңды талаптары азаматтар мен лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті.

Осы Заңды орындамау, Ішкі әскерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді орындауына бөгет жасау, әскери қызметшілердің ар-ожданы мен қадір-қасиетіне тіл тигізу, әскери нышандарды қорлау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапқа тартуға әкеп соғады.

**Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 2001.12.24 № 274, 2007.07.06 № 277 Заңдарымен.**

### **30-бап. Жүктелген міндеттерді орындау кезінде Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің бағынуы**

Жүктелген міндеттерді орындау кезінде Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері тек қана жеке өзінің және тікелей бастықтарына бағынады.

### **31-бап. Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің қызметтен босаған кездегі сот қорғауына хұқығы**

Офицерлер және келісімшарт бойынша қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілер Ішкі әскерлерден босату туралы бұйрық жөнінде жоғары тұрған командирге және сотқа шағым беруге хұқылы.

**Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.06 № 277 Заңымен.**

### **32-бап. Ішкі әскерлердің әскери қызметшісі қаза тапқан (қайтыс болған) немесе жарақат алған жағдайда, оны зейнетақымен қамсыздандыру, оған берілетін кепілдіктер**

Ішкі әскерлердің офицер құрамдағы адамдарын, контракт бойынша қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілерін зейнетақымен қамтамасыз ету қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ішкі әскерлердің әскери қызметшісіне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқарып жүрген кезеңде жарақат алған кезде, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін құқықтық және әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтем алуға құқығы бар адамдарға бір жолғы ө т е м т ө л е н е д і .

Қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын өтеуге байланысты Ішкі әскерлердің әскери қызметшісіне немесе оның үйелменіне келтірілген зиян бюджет қаражатынан толық көлемінде өтеліп, кейіннен бұл сома кінәлі адамдардан өндіріп алынады.

**Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1993.04.08 Заңымен, 1997.06.19 № 134 (1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне кіреді), 2001.10.10 № 247 (2001 жылдың**



1 қаңтарынан бастап күшіне енеді), 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

### **33-бап. Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін тұрғын алаңмен қамтамасыз ету**

Офицерлерге, келісімшарт бойынша әскери қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілерге тұрғын үй "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес беріледі.

Әскер қатарында күнтізбе есебімен жиырма және одан да көп жыл қызмет атқарған офицерлер мен келісім-шарт бойынша әскери қызметін өтеп жүрген әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорының үйлеріндегі өздері отырған тұрғын үйлерді меншігіне тегін алуға хұқылы.

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келетін тұрғын жай беріледі. Тұрақты тұрғын жай алғанға дейін аталған адамдарға қызметтік тұрғын үйлер беріледі, олар қызмет орны бойынша уақытша тіркеледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіп бойынша Ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқасына) еңбек еткен жылдарына қарамастан, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін ескере отырып, тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетулерге (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау) жұмсалатын шығындарды төлеу үшін республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

Ішкі әскерден запасқа немесе отставкаға шығарылған офицер құрамдағы адамдар, келісім-шарт бойынша әскери қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілер, сондай-ақ олардың үйелмендері белгіленген тәртіп бойынша таңдаған жерінен тұрғын жаймен қамтамасыз етіледі. Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің бұл хұқығын жүзеге асыру жөніндегі міндет облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жүктеледі.

Ішкі әскерлердің әскери қызметшісі қызметтік міндетін атқаруға байланысты қаза тапқан жағдайда қаза тапқан әскери қызметші отбасының есепке қойғандағы негіздер бойынша тұрғын алаң алу хұқығы сақталады, тұрғын алаң әскери қызметшінің қаза тапқан күнінен бастап бір жылдан кешіктірілмей беріледі. Асыраушысынан айрылған әскери қызметшінің отбасы мүшелері оларға қолданылып жүрген нормаларға сәйкес тұруға қолайлы басқа тұрғын үй-жай тегін берілмейінше тұратын тұрғын үй-жайынан шығарылмайды.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 1997.04.02 № 88, 1997.07.11 № 154, 1998.12.09 № 307, 1999.04.07 № 374, 2001.12.24 № 274, 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.29 № 26, 2007.07.06 № 277, 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**34-бап. Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің жол жүруі жөніндегі жеңілдіктері**

Ескерту. 34-бап алынып тасталды - ҚР 2007.07.06 № 277 Заңдарымен.

**35-бап. Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің үйелмен мүшелеріне жасалатын әлеуметтік жеңілдіктер**

Ескерту. 35-бап алынып тасталды - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**36-бап. Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін медициналық-санитариялық жағынан қамтамасыз ету**

Ішкі әскерлерінің әскери қызметшілерінің және олардың отбасы мүшелерінің өмірі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ оларды медициналық-санитариялық жағынан қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады .

Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда - ҚР 1998.12.09 № 307 Заңымен.

**37-бап. Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау**

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін әлеуметтік және құқықтық қорғау мәселелері жөніндегі заңдарға сәйкес жүзеге асырылады .

Қылмыстық-атқару жүйесінің туберкулезге қарсы мекемелерінде қызмет атқаратын әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында медицина қызметкерлерінің осы санаты үшін белгіленген жеңілдіктер қолданылады .

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 Заң күші бар жарлығымен, ҚР 2001.12.24 № 274; 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2012.01.18 № 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**8 бөлім. Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін қаржымен және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету**

**38-бап. Ішкі әскерді қаржыландыру**

Ішкі әскерді қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 38-бап жаңа редакцияда - ҚР 1998.12.22 № 327 (1999 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді), өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.12.24 № 274, 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.29 № 26 Заңдарымен.

### **39-бап. Ішкі әскерлерді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету**

Ішкі әскерлерді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етудің тәртібі мен нормасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ішкі әскерлер Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін белгіленген тәртіппен және нормалар бойынша қару-жарақпен, авиация, автомобиль бронетанк және басқа әскери техникамен және материалдық құралдармен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Режимдік объектілерді, коммуникациялардағы объектілерді, сондай-ақ түзеу мекемелері объектілерін, әскери қалашықтарды, жеке құрамды, қару-жарақ, техника мен әскери-техникалық мүлік, сондай-ақ басқару органдары орналастырылатын үйлер мен ғимараттарды күзетіп, қорғау жөніндегі міндеттерін орындайтын әскери бөлімдерге (бөлімшелерге) Ішкі әскерлер күзететін объектілерді - министрліктер, ведомстволар (мекемелер), ал Ішкі әскерлердің оперативтік мақсаттағы әскери құрамалары, бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдері үшін олар орналасқан аумақтағы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары бөледі немесе салады. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары, Ішкі әскерлердің бөлімдеріне (бөлімшелеріне) әскери қалашықтар, үйлер мен атыс орындарына жабдықталған ғимараттар, оқу орталықтары, қосалқы шаруашылықтар және басқа да объектілер үшін жер учаскелерін бөліп, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жер пайдалану құқығын бекітеді.

Әскери бөлімдердің (бөлімшелердің) орналасуы үшін пайдаланылатын әскери қалашықтарды, үйлер мен ғимараттарды жөндеу және оларға коммуналдық қызмет көрсету бюджет қаражаттарының және Ішкі әскерлер мүдделерін көздеп қызметтік-жауынгерлік міндеттер атқаратын министрліктер (ведомстволар) бөлетін материалдық ресурстардың есебінен жүргізіледі.

Құрылыс, күрделі жөндеу, инженерлік-техникалық құралдарды қайта құру және олардың пайдаланылуын материалдық қамтамасыз ету объектілерін Ішкі әскерлер күзететін министрліктердің (ведомстволардың), кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың есебінен жүзеге асырылады.

Облыстардың аумақтарында уақытша тұрған Ішкі әскерлер төтенше жағдай режимі енгізілген кезде бұқаралық қоғамдық-саяси, шараларды жүргізу кезінде

қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етудегі міндеттерін орындау үшін орналасатын тұрғын жайлармен, коммуналдық қызметпен, байланыс желілерімен және арналарымен, автокөлікпен және жанар-жағар май материалдарымен, қосымша тамақпен бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 39-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.21 № 2708 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 1998.12.09 № 307, 1999.04.05 № 360, 2001.12.24 № 274, 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.29 № 26, 2007.07.06 № 277, 2010.04.08 № 266-IV, 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **39-1-бап. Ішкі әскерлерді мұнай өнімдерімен жабдықтау ерекшеліктері**

Ішкі әскерлер мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан сатып а л а д ы .

Ескерту. 8-бөлім 39-1-баппен толықтырылды - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **40-бап. Қаржылық бақылау**

Ескерту. 40-бап алынып тасталды - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*